

## 1. Микрокредиттер кімге және қандай көлемде беріледі?

Облысымызда кәсіпкерлерді қаржылық қолдайтын бірнеше бағдарламалар жүзеге асырылуда, соның ішінде Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарлама шеңберінде микрокредиттер беру. Бағдарламаның шартына сәйкес қала бойынша микрокредиттер «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ын қорландыруымен екінші деңгейлі банктер (ЕДБ), микроқаржылық ұйымдар арқылы беріледі.

Ауылдық елді мекендерде микрокредиттер «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «Аграрлық-несие корпорациясы» АҚ-мен несиелік серіктестіктер мен микроқаржылық ұйымдар арқылы беріледі.

Микрокредиттер сомасы 18 млн. теңгеге дейін (8 000 АЕК), 7 жылға мерзімімен, жылына 6%-дан артық емес сыйақы мөлшерлемесі, жалпы несиенің мерзімінен 1/3 бөлігі жеңілдік кезеңімен қайтарымдылық, мерзімділік және ақылылық қағидасымен ұсынылады.

*Микробизнесті ашу үшін микрокредиттер «Бастау Бизнес» жобасы шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне немесе Бағдарламаның бірінші бағыты шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарынан өткеннен кейін не соңғы екі жыл ішінде басқа бағдарламалар шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарынан өткендігі туралы сертификаты бар болса беріледі.*

Ауылдық елді мекендерде микрокредит алу мәселесі бойынша БҚО ауыл шаруашылығы басқармасына және қалада микрокредит алу мәселе бойынша БҚО кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасына (Орал қаласы, Х. Чурина, 116 мекенжайы бойынша) жолығуға болады.

Сонымен қатар, микрокредиттер микрокредиттер «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-мен келесі бағдарламалар бойынша ұсынылады:

«Игілік» несие бағдарламасы;

«Береке» несие бағдарламасы;

«Егінжай» несие бағдарламасы;

«Кәсіпкер» несие бағдарламасы;

«Бірлік» несие бағдарламасы;

«Ынтымақ» несие бағдарламасы;

«Финансирование по программе «Ырыс» бағдарламасы бойынша қаржыландыру.

Бағдарлама	Несие бағыты	Соммасы	Мерзімі	Сыйақы мөлшерлемесі	Жеңілдік кезең

<b>Игілік</b>	Өсіру, мал басын көбейту және ауыл шаруашылық өнімдерін шығаруға ІҚМ, ҰҚМ басын, жылқы, басқа ауыл шаруашылық жануарлармен құстарды, бал араларды сатып алу	6 000 000 теңгеге дейін	6,5 жылға дейін	6,0%	2 жылға дейін
<b>Береке</b>	Бордақылау және ауыл шаруашылық өнімдерін шығаруға ІҚМ, ҰҚМ басын, жылқы, басқа ауыл шаруашылық жануарлармен құстарды сатып алу	4 000 000 теңгеге дейін	6,5 жылға дейін	6,0%	9 айға дейін
<b>Егінжай</b>	Көктемгі егін егу және егін жинау жұмыстарын өткізуге айналым қаражатын толықтыруға	6 000 000 теңгеге дейін	3 жылға дейін	6,0%	12 айға дейін
<b>Кәсіпкер</b>	Ауыл шаруашылық және ауыл шаруашылық емес бизнес түрлерін ұйымдастыруға және кеңейтуге	18 000 000 теңгеге дейін	5 жылға дейін	6,0%	6 айға дейін